

№21 «Гүлдер» балабақшасы МКҚК

«Балабақшаға алғаш келгенде» ата-аналарға арналған кеңес

Тәрбиешілер:
М.А.Серікбай

Астана, 2023

Балабақшаға алғаш келгенде» ата-аналарға арналған кеңес

Танымайтын ортада жарты сағат болудың өзі балаға өте ауыр тиеді.

Сондықтан алғаш балабақшаға барған бала жаңа ортаға бірден бейімделіп кете алмайтындықтан, ата-аналарға бірнеше ақыл-кеңес ұсынамыз:

- Баланыды бөгде (тыныс емес) адамдармен, үлкендермен, балалармен қарым-қатынас жасауға бейімдеңіз.
- Балалар саябағына, мерекелерге, ойын аландарына үнемі апарып, құммен ойнауға үйретіңіз.
- Достарының туған күніне балаңызбен бірге барып, өзін қалай ұстайтынын бақылыңыз (ұялшақтығы, балалармен тіл табысуы, еркін сезінуі т.б.)
- Мамандардың айтуынша баланың балабақшаға баруы өте маңызды. Балабақшада тәрбиеленген бала мектепке баруға ғана дайындалып қоймай, психологиялық әлеуметтік тұрғыдан да дайындалады. Егер қолыңыз бос болса, баланы төртке толғанша анасы өзі баққаны дұрыс. Себебі, бұл жасқа дейін сәби анасына тым жақын болады да, анасынан бөлек өмірге көнгісі келмейді, қыс бойы ауырып, мазасы кетеді.
- Балаңыз балабақшаға берердің алдында балабақшамен және тәрбиешімен, балалармен таныстырып, баланың назарын таныс ойыншықтарға аударыңыз. Балаңызға не ұнайтынын, не ұнамайтынын, қандай дағдыларды меңгергендігін, қандай көмек керек екендігі, мадақтау мен жазалаудың қандай түрін қолдану тиімді анықтап алаңыз.
- Алғашқы күні балаңызды балалардың серуені кезінде алып келіңіз. Бұл орын үйіңіздің алдындағы аулаға ұқсайтындықтан, бала көп жатсына қоймайды, балалармен, тәрбиешімен танысуға ыңғайлы.
- Егер бала бейтаныс адамдарға жақындамаса, күштеп, зорлап әрекет жасаудан аулақ болыңыз. Бала бейтаныс адамдарға біртіндеп үйренеді.
- Балаңыз балабақшаға алғаш келген күні жалғыз қалдырмаңыз. Азғана уақыт болса да, балаңызды қасында болыңыз. Жаңа ортада анасының қасында болуы баланың сенімділігін арттыра түседі.
- Баланың балабақшада болатын уақытын көбейте отырып, үйдегі жағдайды балабақшадағы күн тәртібіне ұқсас

ұйымдастырыңыз, балаңызды өз бетімен киінуге, шешінуге, тамақтануға, беті-қолын жууға т.б. үйретіңіз.

- Басқа балалардың жылағанын көрмес үшін балаңызды балабақшаға сәл кештеу әкеліңіз. Алайда бұл жөнінде тәрбиешімен ақылдасып алуды ұмытпаңыз.

- Кешке жақын балаңызды балабақшадан алып қайтарда ата-аналар балаларына қалай келетінің, қандай көңіл-күймен қарсы алатының, балалар бір-бірімен қалай қоштасатының бақылаңыз. Бұл балаңызды балабақшаға еркін келуіне жол ашады.

- Балабақшадан қайтарда балаңыздан кіммен достасқаны, қандай ойыншықпен ойнағаны туралы сұрап біліңіз. Жақсы істеріне үнемі қолдау көрсетіп отырыңыз.